

**«БЕКІТІЛГЕН»
Жалғыз қатысушының шешімімен**

2026 жылғы 20 шілдеде

«1КРЕДИТ» микроқаржы ұйымы» ЖШС



**МИКРОКРЕДИТТЕР БЕРУ
ҚАҒИДАЛАРЫ**

«1КРЕДИТ» микроқаржы ұйымы» ЖШС

АЛМАТЫ – 2026

Мазмұны

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. МИКРОКРЕДИТТЕРДІ ҰСЫНУДЫҢ ШЕКТІ СОМАЛАРЫ МЕН МЕРЗІМДЕРІ	5
3. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІНІҢ ШЕКТІ МӨЛШЕРЛЕРІ.....	5
4. МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	5
5. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМДЕРІ	6
6. МИКРОКРЕДИТТЕРДІ ҰСЫНУ ҮДЕРІСІНДЕ ТУЫНДАЙТЫН КЛИЕНТТЕРДІҢ ӨТІНІШТЕРІН ҚАРАУ ТӘРТІБІ..	6
7. МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМЫ МЕН ОНЫҢ КЛИЕНТТЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	8
8. МИКРОКРЕДИТТЕР БЕРУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚАРЖЫ ӨНІМДЕРІН ҰСЫНУ ТАЛАПТАРЫ	12
9. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТТЫ ЖАСАСУ, ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ	13
9-2. ЭЛЕКТРОНДЫҚ НЫСАНДА МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТТЫ ЖАСАСУ, ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ	16
10. МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТӘСІЛІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	19
11. МИКРОКРЕДИТТІ ҰСЫНУ ЖӘНЕ ӨТЕУ ТӘРТІБІ	19
12. ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТСІЗ ҚАРЫЗ АЛУШЫМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ ТӘРТІБІ, СОНЫҢ ІШІНДЕ КЕПІЛ НЫСАНАСЫНА ӨНДІРІП АЛУ РӘСІМДЕРІ	19
13. КЛИЕНТТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ТӘРТІБІ	20
13-2. ЖАЗБАША НЫСАНДА МИКРОКРЕДИТТЕРДІ ҰСЫНУ КЕЗІНДЕ АҚПАРАТТЫ АШУ ЖӘНЕ КЛИЕНТТЕРГЕ КЕҢЕС БЕРУ ТӘРТІБІ	21
13-3. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТӘСІЛМЕН МИКРОКРЕДИТТЕРДІ ҰСЫНУ КЕЗІНДЕ АҚПАРАТТЫ АШУ ЖӘНЕ КЛИЕНТТЕРГЕ КЕҢЕС БЕРУ ТӘРТІБІ.....	22
14. ҰЙЫМ МЕН ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТТЕРІН ТҰТЫНУШЫ АРАСЫНДАҒЫ КЕЛІСПЕУШІЛІКТЕРДІ РЕТТЕУ ТӘРТІБІ.....	23
15. МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАРҒА ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ ҰТҚЫР ҚОЗҒАЛАТЫН ТОПТАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ.....	24
16. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	25

МИКРОКРЕДИТТЕР БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

«1КРЕДИТ» микроқаржы ұйымы» ЖШС

«1КРЕДИТ» микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Кредитор немесе МҚҰ) өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 15 мамырдағы № 92 «Микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы» қаулысына (бұдан әрі – Талаптар), микрокредиттер беруді реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ МҚҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Осы Микрокредиттер беру қағидалары микрокредиттер беруді ұйымдастыру тәртібі мен рәсімдерін (бұдан әрі – Қағидалар), оның ішінде микрокредиттер берудің негізгі қағида-тарын айқындайды және микроқаржы ұйымы құрылған күннен бастап қолданылатын кезеңге таралады.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Кредитордың клиенттермен (Қарыз алушылармен/Қоса қарыз алушылармен/Кепілгерлермен) қарыз операцияларын жүзеге асыру кезіндегі қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Қағидаларға сәйкес жасалатын Шарттар негізінде құрылады.
- 1.2. Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын заңды және жеке тұлғалар Қарыз алушылар бола алады.
- 1.3. Микрокредиттер ұлттық валютада (теңгемен) ақылылық, мерзімділік, қайтарымдылық, қамтамасыз етілу (ол болған кезде) және нысаналы мақсат шарттарымен беріледі.
 - Ақылылық мөлшері Шартта айқындалатын сыйақы (жылдық есеппен көрсетілген пайыз) түрінде белгіленеді. Микрокредит беруге байланысты және заңға қайшы әрекеттер болып табылмайтын сыйақы мен өзге де төлемдерді Кредитор микрокредит берілген кезде немесе одан кейін алады.
 - Мерзімділік микрокредит беру мерзімімен (айлармен) айқындалады.
 - Қайтарымдылық микрокредит сомасының сыйақымен бірге Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Микрокредитті өтеу кестесінде айқындалған мерзімде Кредиторға қайтарылуға тиіс екенін білдіреді.
 - Микрокредиттің қамтамасыз етілуі жылжымайтын және жылжымалы мүлік кепілімен, кепілдіктермен, кепілгерліктермен немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де тәсілдермен қамтамасыз етіледі. Қамтамасыз ету құны микрокредитті толық өтеуге жеткіліксіз болған кезде қамтамасыз етудің екі немесе одан да көп түрін пайдалануға жол беріледі. Қарыз алушымен тең дәрежеде ортақ жауапкершілік атқаратын бір немесе бірнеше Қоса қарыз алушының қатысуына жол беріледі.
- 1.4. Осы МҚҰ-ның Микрокредиттер беру қағидалары МҚҰ-ның интернет-ресурсында жалпыға қолжетімді түрде орналастырылады, сондай-ақ МҚҰ кеңсесінде шарт жасасатын клиенттердің танысуы үшін кеңседе болады.
- 1.5. Осы Қағидалармен танысқаннан кейін және микрокредит алуға өтінім бергенге дейін Клиент микрокредит беру мәселелері мен талаптары бойынша толық консультация ала алады.
- 1.6. Шарт жөніндегі ақпарат Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасында айқындалған талаптармен мемлекеттік қатысуы бар кредиттік бюроға міндетті түрде беріледі.

1.7. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен ұғымдар пайдаланылады:

аутентификация – клиенттің, электрондық хабарламалардың және микрокредит беру үшін қажетті өзге де құжаттардың, оның ішінде құжаттардың электрондық көшірмелерінің түпнұсқалығын, сондай-ақ клиентті және оның ерік білдіруінің мазмұнын тексеру рәсімі;

биометриялық сәйкестендіру – клиенттің физиологиялық және биологиялық ерекшеліктері негізінде оның микрокредитті электрондық тәсілмен алу құқығын бірмәнді растау мақсатында жеке басын анықтау рәсімі;

электрондық құжаттың қағаз көшірмесі – электрондық түпнұсқадан ақпаратты (деректемелерді) шығару арқылы қағаз жеткізгіште алынған, электрондық құжат түпнұсқасының ақпаратын және оның барлық деректемелерін немесе олардың бір бөлігін толық жаңғыртатын әрі осы құжатты куәландыруға өкілеттігі бар тұлға куәландырған құжат;

кепілгер – микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы үшін Қарыз алушымен бірге МҚҰ алдында ортақ жауапкершілікті өзіне қабылдайтын жеке немесе заңды тұлға, жеке кәсіпкер;

МҚҰ клиенттерінің қаржылық сауаттылығы жөніндегі ақпараттық материал – клиенттерде бюджетті жоспарлау, жауапты қарыз алу, қаржылық жүктемені бағалау және дербес деректерді қорғау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған ұсынымдар мен мәліметтерді қамтитын Микрокредиттер беру қағидаларына қосымша (№1 қосымша);

қарыз алушы – МҚҰ-мен микрокредит беру туралы шарт немесе кредиттік желіні ұсыну (ашу) туралы келісім жасасқан жеке тұлға немесе жеке кәсіпкер;

кепіл беруші – микрокредит бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін өз мүлкін (жылжымайтын мүлікті, автокөлікті, бағалы қағаздарды) кепілге беретін жеке немесе заңды тұлға. Кепіл беруші ретінде Қарыз алушының өзі не мүліктің меншік иесі болып табылатын үшінші тұлға әрекет етеді және борыш қайтарылмаған жағдайда МҚҰ алдында жауап береді;

клиент – микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйыммен микрокредит беру туралы шарт жасасқан не микрокредит алуға өтініш берген (беруге ниеттенген) жеке немесе заңды тұлға;

борыш жүктемесінің коэффициенті – Қарыз алушының қаржы ұйымдарындағы барлық өтелмеген микрокредиттері мен қарыздары бойынша ай сайынғы төлемдер сомасының, оның ішінде барлық өтелмеген микрокредиттер мен қарыздар бойынша мерзімі өткен төлемдер сомасының және Қарыз алушының жаңа берешегі бойынша туындайтын орташа айлық төлемінің Қарыз алушының соңғы алты айдағы орташа айлық кірісіне арақатынасы;

кредиттік досье – Кредиттік менеджер өтінімді қабылдаған кезден бастап Қарыз алушының берілген микрокредит бойынша МҚҰ алдындағы міндеттемелері тоқтатылған кезге дейін Қазақстан Республикасының заңнамасы мен МҚҰ-ның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес әрбір Қарыз алушы бойынша жеке қалыптастырылатын құжаттар топтамасы;

кредиттік комитет – тиісті өкілеттіктер шегінде МҚҰ-ның кредиттік қызметі бойынша шешімдер қабылдауға уәкілетті МҚҰ-ның алқалы органы;

кредиттік менеджер – жобаны сараптауға, микрокредит беруге, оны сүйемелдеуге және мониторинг жүргізуге жауапты, функциясына микрокредит беру жөніндегі мәмілені сүйемелдеу кіретін МҚҰ қызметкері;

электрондық құжаттың түпнұсқасы – бастапқыда электрондық құжат форматында қалыптастырылған және куәландырылған (қол қойылған), қағаз түріндегі бастапқы түпнұсқасы жоқ құжат;

тұтынушылық микрокредит – жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген микрокредит болып табылмайтын, жеке тұлғаға тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер сатып алуға және (немесе) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес өзге де мақсаттарға берілетін микрокредит;

сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы (СДАО) – клиенттерді сәйкестендіру рәсімдерін жүргізу үшін қолжетімді көздерден алынған клиент деректерімен алмасу бойынша қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін банкаралық ақша аудару жүйесінің операциялық орталығы.

2.2. Микрокредит берудің шекті мерзімі – микрокредит мерзімін қайта құрылымдау мен ұзартуды есепке алмағанда 7 жыл.

3.3. ең жоғары мөлшерлеме – 46 (қырық алты) %.

4.5. Кепіл беруші мүлікті микрокредитті қамтамасыз етуге берген кезде мүліктің нарықтық құны мен өтімділігі міндетті түрде ескеріледі. Ұсынылған мүлік үшінші тұлғалардың құқықтық талаптарынан бос болуға тиіс. Қамтамасыз етуге қабылданатын кепілдегі жылжымайтын мүлік қалыпты техникалық жағдайда болуы, авариялық және

(немесе) өрт-жарылыс қауіпті жағдайда болмауы және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде белгіленген барлық талаптар мен нормаларға сәйкес келуі тиіс.

4.6. Кепіл тиісті Шарттың негізінде туындайды. Кепіл туралы шартта кепіл нысанасы, кепілмен қамтамасыз етілетін міндеттеменің мәні, мөлшері немесе ең жоғары сомасы және орындалу мерзімі көрсетілуге тиіс. Кепіл нысанасы жылжымайтын немесе жылжымалы мүлік болған жағдайда, кепіл туралы шартта оның бағалау құны көрсетіледі.

4.7. Кепіл туралы шартта кепілге салынған мүліктің қай тараптың иелігінде қалатыны және оны пайдалануға жол берілетіні де көрсетілуге тиіс.

4.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекеттік тіркеуге жататын мүлік кепілі жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органда тіркелуге тиіс.

4.9. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Кепіл берушіге кепілге берілген мүлікті сақтандыру міндеті жүктелуі мүмкін.

4.10. Кредитордың алғашқы талабы бойынша оның өкілдерін Кепіл нысанасының сақталуын тексеру мақсатында Кепіл нысанасына жіберуге және оларға Кепіл нысанасына мониторинг жүргізу үшін қажетті құжаттарды ұсынуға;

4.11. Клиент/Кепіл беруші өзі беретін Кепіл нысанасының жеке меншік құқығында өзіне тиесілі екеніне, үшінші тұлғалардың құқықтарынан (талаптарынан) бос екеніне, атап айтқанда ортақ меншік құқығының нысанасы болып табылмайтынына, кепілге берілмегеніне, тыйым салынбағанына, үшінші тұлғаларға өзге тәсілмен иеліктен шығарылмағанына, сондай-ақ осы Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде заңдық және іс жүзіндегі ауыртпалықтар салынбайтынына (осы Шартқа сәйкес салынатын ауыртпалықтарды қоспағанда) және оған өндіріп алуды қолдануға жол берілетініне кепілдік береді. Кепіл беруші осы Шартты жасасу және орындау үшін барлық жеткілікті әрі қажетті рұқсаттардың, келісімдердің, шешімдер мен санкциялардың бар екеніне де кепілдік береді және растайды.

5. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМДЕРІ

5.1. Микрокредит беру туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімі – Клиент-өтініш беруші қажетті құжаттардың толық топтамасын ұсынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде.

6. МИКРОКРЕДИТТЕР БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ТУЫНДАЙТЫН КЛИЕНТТЕРДІҢ ӨТІНІШТЕРІН ҚАРАУ ТӘРТІБІ

6.1. МҚҰ клиенттердің мынадай өтініштерімен жұмыс жүргізеді:

1) қолма-қол тапсырылған, пошта байланысы арқылы, электрондық поштаға және МҚҰ-ның ақпараттандыру объектілері арқылы келіп түскен жазбаша өтініштермен;

2) телефон арқылы және клиент МҚҰ кеңсесіне тікелей келген кезде келіп түскен ауызша өтініштермен.

6.2. Клиенттердің жазбаша өтініштері МҚҰ-ның ішкі құжаттарына сәйкес деректемелерді қамтитын жазбаша өтініштерді тіркеу журналында тіркеледі.

6.3. Клиентке қолма-қол тапсырылған қағаз жеткізгіштегі жазбаша өтінішінің қабылданғанын растайтын құжат беріледі не өтініштің көшірмесіне тиісті белгі қойылады. Өтініштерді қабылдаудан бас тартуға жол берілмейді.

6.4. МҚҰ-ға ауызша нысанда (телефон арқылы немесе клиент кеңсеге жеке келген кезде) келіп түскен өтініштер дереу қаралады және мүмкіндік болған жағдайда ауызша өтінішке жауап бірден беріледі. Телефон арқылы келіп түскен ауызша өтініштер міндетті түрде тіркеледі. Әңгімелесулердің аудиожазбасы жүргізілген жағдайда, қаржылық қызметтерді тұтынушы бұл туралы әңгімелесудің басында алдын ала хабардар етіледі.

6.5. Егер ауызша өтінішті дереу шешу мүмкін болмаса, клиент оны жазбаша нысанда баяндайды және ол жазбаша өтініш ретінде қаралады. Клиентке жауап алу үшін қажетті рәсімдер мен мұндай өтініштерді қарау мерзімдері түсіндіріледі.

6.6. Интернет-ресурстағы және (немесе) мобильді қосымшадағы нақты уақыт режиміндегі хабар алмасу жүйесі арқылы жіберілген және (немесе) МҚҰ-да тіркелген абоненттік нөмірлерге келіп түскен хабарламалар қаржылық қызметтерді тұтынушылардың өтініштері деп танылмайды және ақпараттық сипаттағы сұрау салулар ретінде қаралады. Бұл ретте МҚҰ қаржылық қызметтерді тұтынушыға Талаптарға сәйкес өтініш беру тәртібі туралы хабарлайды.

6.7. МҚҰ-ның уәкілетті тұлғалары ұйымның атқарушы органы басшысы бекіткен қабылдау кестесіне сәйкес жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін айына кемінде бір рет жеке қабылдайды.

6.8. Егер өтінішті МҚҰ-ның уәкілетті тұлғасы жеке қабылдау кезінде шешу мүмкін болмаса және ол қосымша пысықтауды талап етсе, қаржылық қызметтерді тұтынушы өтінішті жазбаша нысанда ресімдейді және ол жазбаша өтініш ретінде қаралады. Ұсынылған ақпарат жеткіліксіз болған жағдайда МҚҰ өтінішті қарау барысында клиенттен қосымша құжаттар мен мәліметтерді сұратады.

6.9. Клиенттің өтінішін қарау мерзімі өтініш МҚҰ-ға келіп түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.

6.10. Өтінішті дұрыс қарау үшін маңызы бар нақты мән-жайларды анықтау қажет болған жағдайда, өтінішті қарау мерзімі осындай шешімдерді қабылдауға уәкілетті МҚҰ органының жазбаша шешімі бойынша 15 (он бес) жұмыс күніне ұзартылады. Клиент қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы мерзім ұзартылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етіледі.

6.11. МҚҰ жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін объективті, жан-жақты әрі уақтылы қарауды қамтамасыз етеді, клиенттерге олардың өтініштерін қарау нәтижелері және қабылданған шаралар туралы хабарлайды.

6.12. Өтінішті қарау нәтижелері туралы клиентке жазбаша жауап қазақ тілінде немесе өтініш берілген тілде беріледі және клиент баяндаған әрбір өтінішке, талапқа, өтінішхатқа, ұсынымға және өзге де мәселеге Қазақстан Республикасының тиісті заңнамалық нормаларына, МҚҰ-ның ішкі құжаттарына, қаралатын мәселеге қатысы бар шарттарға және мәселенің нақты мән-жайларына сілтеме жасай отырып, негізделген және дәлелді уәждерді, сондай-ақ қабылданған шешімге шағым жасау құқығының түсіндірмесін қамтиды.

6.13. Клиенттің өтініші мынадай жағдайларда қараусыз қалдырылады:

- 1) өтініште жауап жіберілуге тиіс мекенжай көрсетілмесе;
- 2) өтініште өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса) және жеке сәйкестендіру нөмірі не өтініш беруші заңды тұлғаның толық атауы мен бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетілмесе;
- 3) өтініште әдепсіз немесе қорлайтын сөздер, микроқаржы ұйымының мүлкіне, микроқаржы ұйымы қызметкерінің және (немесе) оның отбасы мүшелерінің өміріне, денсаулығына және мүлкіне қатер төндіретін мазмұн болса;
- 4) өтініш мәтінін оқу мүмкін болмаса;
- 5) өтінішті уәкілетті емес тұлға берсе.

6.14. Клиенттің өтініші негізді және заңды болған жағдайда микроқаржы ұйымы бұзушылықты жою және клиенттің құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды.

6.15. Жазбаша өтінішке жауапқа МҚҰ-ның уәкілетті тұлғасы қол қояды.

6.16. Жазбаша өтінішке жауап клиентке микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен беріледі.

Жауап клиентке мына тәсілдердің бірімен жіберілсе, ол жеткізілді деп есептеледі:

- 1) микрокредит беру туралы шартта немесе клиенттің өтінішінде көрсетілген тұрғылықты жері бойынша табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын Қарыз алушы отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алған жағдайда;
- 2) микрокредит беру туралы шартта немесе клиенттің өтінішінде көрсетілген

электрондық пошта мекенжайына;

- 3) жауаптың мәтіні бар SMS-хабарлама немесе push-хабарлама не жауаптың толық мәтіні орналастырылған интернет-ресурсқа сілтеме жіберу арқылы;
- 4) микрокредит беру туралы шартта көзделген және клиенттің жауапты алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалану арқылы.

Клиент (оның уәкілетті өкілі) МҚҰ-ға келген кезде, осы тармақта көзделген тәсілдермен жеткізілген жауапты қоспағанда, жауап жеке өзіне қол қойғызып тапсырылады, бұл туралы жазбаша өтініштерді тіркеу журналында белгі қойылады.

Жауап адресатқа немесе алушыға табыс ету мүмкін болмағаны туралы белгімен қайтарылған не оны қабылдаудан бас тартылған жағдайда, жауап тиісінше берілді деп есептеледі.

6.17. МҚҰ келіп түскен өтініштердің мынадай мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін жіктеуішін жүргізеді:

- 1) барлық жазбаша өтініштерді тіркеуді;
- 2) өтініш бойынша негізгі ақпаратты есепке алуды;
- 3) микрокредиттер беру процесінде келіп түскен қаржылық қызметтерді тұтынушылардың өтініштерін қараудың ішкі тәртібінің талаптарына сәйкес өтініштерді жіктеуді;

- 4) ақпаратты кемінде 5 (бес) жыл сақтауды.

6.18. Өтініш бойынша негізгі ақпарат мыналарды қамтиды:

- 1) өтініштің тіркеу нөмірі мен күнін;
- 2) қаржылық қызметтерді тұтынушының (оның өкілінің) жеке сәйкестендіру нөмірін немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірін және өтініште көрсетілген жағдайда байланыс деректерін;
- 3) өтініште көрсетілген жағдайда демографиялық деректерді (жынысы, жасы, өңірі);
- 4) өтініштің келіп түсу арнасын;
- 5) кредиттік өнімнің түрін;
- 6) мәселенің жіктеуішін;
- 7) өтініштің нысанасы мен сипаттамасын;
- 8) жауапты қызметкерлер туралы мәліметтерді;
- 9) өтініш бойынша қабылданған шешімді.

7. МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМЫ МЕН ОНЫҢ КЛИЕНТІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ, ОЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

7.1. Микроқаржы ұйымының құқығы:

- 1) Заңның 9-бабының 4 және 5-тармақтарында көзделген тұлғаға микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талап ету құқығын) беруге;
- 2) микрокредит беру туралы шартты жасасу және ол бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін, микрокредиттер беру қағидаларында көзделген Қарыз алушыдан (Өтініш берушіден) қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;
- 3) Қарыз алушының өтініші бойынша екінші деңгейдегі банктер арқылы тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің ақысын төлеу мақсатында микрокредит қаражатын үшінші тұлғаға аударуға;
- 4) Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және микрокредит беру туралы шартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

7.2. Микроқаржы ұйымы міндетті:

- 1) орналасқан жері немесе атауы өзгерген жағдайда бұл туралы өзгерістер енгізілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей уәкілетті органды, сондай-ақ Қарыз алушыларды (Өтініш берушілерді):

микроқаржы ұйымы орналасқан жер бойынша қазақ және орыс тілдерінде шығатын екі мерзімді баспасөз басылымында тиісті ақпаратты жариялау арқылы;

жеке тұлға болып табылатын Қарыз алушының (Өтініш берушінің) заңды мекенжайына және заңды тұлға болып табылатын Қарыз алушының (Өтініш берушінің)

орналасқан жері бойынша;

не әрбір Қарыз алушыны (Өтініш берушіні) жазбаша хабардар ету арқылы хабарлауға;

2) қатысушылардың (акционерлердің) құрамы өзгерген жағдайда мұндай өзгеріс болған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей бұл туралы және қатысушылардың (акционерлердің) Заңның 14-бабының 6-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы уәкілетті органды жазбаша хабардар етуге;

3) микрокредиттер беру қағидаларының көшірмесін Қарыз алушының (Өтініш берушінің) танысуына және көруіне қолжетімді жерде орналастыруға, сондай-ақ микроқаржы ұйымының интернет-ресурсы болған жағдайда оны сол интернет-ресурста жариялауға;

4) Өтініш берушіге микрокредитті алуына, оған қызмет көрсетуге және микрокредитті өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық әрі анық ақпарат беруге;

5) микрокредит беру туралы шарт жасалғанға дейін Өтініш берушіге танысу және микрокредитті өтеу әдісін таңдау үшін әртүрлі әдістермен есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің жобаларын ұсынуға.

Қарыз алушыға міндетті түрде жеке тұлғаларға микроқаржы ұйымдары беретін микрокредиттер бойынша тұрақты төлемдерді есептеу әдістемелеріне және осындай микрокредиттер бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақытша базаларға сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің жобалары ұсынылуға тиіс.

6) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органға мәліметтер ұсынуға;

7) микрокредит беру құпиясын сақтауға;

8) берілген микрокредиттер бойынша активтер мен шартты міндеттемелерді жіктеуді жүзеге асыруға және уәкілетті органның бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісу бойынша бекіткен қағидаларына сәйкес олар бойынша провизияларды (резервтерді) қалыптастыруға;

9) уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтерді, сондай-ақ сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді және оларды есептеу әдістемесін сақтауға;

10) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген микроқаржы ұйымы Қарыз алушысының борыштық жүктеме коэффициентін есептеу тәртібі мен оның шекті мәнін сақтауға;

11) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржылық және өзге де есептілікті ұсынуға;

12) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне пруденциялық нормативтердің және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің орындалуы туралы есептілікті ұсынуға;

13) уәкілетті орган анықтаған Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзушылықтарын жоюға;

14) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда микрокредит беруден бас тартуға;

15) микрокредит беру туралы шарт бойынша мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшілеріне уәкілетті орган айқындаған тәртіппен, микрокредит бойынша сыйақы есептемей, негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемдерді мерзімді әскери қызмет өткеру кезеңін және ол аяқталғаннан кейінгі 60 (алпыс) күнді қамтитын мерзімге кейінге қалдыруды ұсынуға.

Мерзімді әскери қызметке шақырылған әскери қызметшілер, олардың әскери

қызметтен босатылуы, микрокредиттің болуы немесе болмауы, сондай-ақ ол бойынша төлемді кейінге қалдырудың берілуі туралы мәліметтермен алмасу мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері мен кредиттік бюролардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету арқылы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен келісу бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

Осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайларда дербес деректерді жинау, өңдеу және пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

16) Қазақстан Республикасының Заңында және өзге де заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды сақтауға.

7.3. Микроқаржы ұйымының құқығы жоқ:

1) сыйақы мөлшерлемелерін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгертуге;

2) банктік қарыз және (немесе) микрокредит бойынша тоқсан күнтізбелік күннен астам мерзімі өткен берешегі бар жеке тұлғаға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредит беруге.

Осы тармақшада белгіленген талап жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына байланысты емес банктік қарызын және (немесе) микрокредитін неғұрлым қолайлы талаптармен өтеу мақсатында берілетін микрокредиттерге қолданылмайды. Мұндай талаптар:

сыйақы мөлшерлемесін төмендетуді;

және (немесе) мерзімдік төлемдердің мөлшерін азайтуды;

және (немесе) тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайтуды немесе толық алып тастауды көздейді.

Сондай-ақ бұл талап міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлікті кепілге қою арқылы ломбардтар беретін микрокредиттерге қолданылмайды;

3) микрокредит беру туралы шешім қабылданғанға дейін микроқаржы ұйымы алған кредиттік есепте жеке тұлғаның микрокредит алудан ерікті түрде бас тартуды белгілегені туралы ақпарат болған жағдайда, оған микрокредит беруге;

4) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен алынуға тиіс жұбайының (зайыбының) келісімін алмай, тіркелуге жататын мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредитті жеке тұлғаға беруге.

Жұбайының (зайыбының) келісімі талап етілетін тұтынушылық микрокредиттің ең төменгі мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен айқындалады.

5) кредиттік есепте бұрын алынған микрокредиттер және (немесе) банктік қарыздар туралы ақпарат жоқ жеке тұлғамен, оның МҚҰ-да жеке қатысуынсыз, мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредит беру туралы шарт жасасуға.

Жеке тұлғаның міндетті түрде жеке қатысуымен жасалуға тиіс тұтынушылық микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредиттің ең төменгі мөлшері Заңның 4-бабының 3-тармағында көрсетілген уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен айқындалады.

6) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында мерзімді әскери қызмет өткеру кезеңінде, егер микроқаржы ұйымы микрокредит беру туралы шешім қабылдағанға дейін алған кредиттік есепте әскери қызметшінің мерзімді әскери қызметке шақырылғаны туралы ақпарат болса, мұндай әскери қызметшілерге микрокредит беруге.

7) Қазақстан Республикасының азаматына Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңында көзделген тәртіппен соттан тыс банкроттық рәсімі немесе сот банкроттығы рәсімі аяқталғаны туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап бес жыл ішінде микрокредит беруге, сондай-ақ осындай тұлғалардан микрокредит беру туралы шарттар бойынша кепіл, кепілдік және кепілгерлік түріндегі қамтамасыз етуді қабылдауға.

8) МҚҰ-ға жеке тұлғамен интернет арқылы микрокредит беру туралы шартты оның биометриялық сәйкестендіруін жүргізбей жасасуға тыйым салынады. Биометриялық сәйкестендіруді жүргізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Егер МҚҰ осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген талапты сақтамай, жеке тұлғамен интернет арқылы микрокредит беру туралы шарт жасасқан жағдайда, микроқаржы ұйымының мұндай микрокредит бойынша міндеттемелердің орындалуын талап етуге құқығы жоқ және мұндай микрокредиттің берілгені анықталған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей Заңның тиісті бабының оныншы бөлігінде көзделген шараларды, оның он бірінші бөлігінің талаптарын ескере отырып, қабылдауға міндетті.

9) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредит бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, Қарыз алушыдан (Өтініш берушіден) қандай да бір өзге төлемдерді белгілеуге және өндіріп алуға.

10) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, Қарыз алушыдан (Өтініш берушіден) қандай да бір өзге төлемдерді белгілеуге және өндіріп алуға.

11) микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған жеке тұлға болып табылатын Қарыз алушыдан микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және өзге де төлемдерді талап етуге.

12) кепілге қойылған мүлікті пайдалануға және оған билік етуге.

13) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредит бойынша жеке тұлға болып табылатын Қарыз алушының негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша кез келген төлемді өтеу жөніндегі міндеттемесін орындау мерзімін өткізіп алудың қатарынан тоқсан күнтізбелік күні өткеннен кейін есептелген сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуге.

Осы тармақшадағы талап, егер микрокредит беру туралы шарт жасалған күні негізгі борыш сомасы толық көлемде мемлекеттік тіркеуге жататын мүлік кепілімен және (немесе) ақша кепілімен қамтамасыз етілген болса, мұндай шарттарға қолданылмайды.

14) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес, жылжымайтын мүлік ипотекасымен қамтамасыз етілген жеке тұлғаның микрокредиті бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша кез келген төлемді өтеу жөніндегі міндеттемесін орындау мерзімін өткізіп алудың қатарынан жүз сексен күнтізбелік күні өткеннен кейін есептелген сыйақыны, сондай-ақ тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуге.

15) Қарыз алушыдан микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті өндіріп алу үшін жеке сот орындаушыларымен ынтымақтастықты көздейтін шарттар жасасуға, сондай-ақ «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына және (немесе) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1-тармағына сәйкес микроқаржы ұйымының үлестес тұлғасы болып табылатын жеке сот орындаушысымен атқарушылық құжатты орындау талаптары туралы келісім (шарт) жасасуға.

16) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына және (немесе) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1-тармағына сәйкес микроқаржы ұйымының үлестес тұлғасы болып табылатын нотариусқа нотариаттық іс-әрекеттер жасау үшін жүгінуге.

17) жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімін оның келісімінсіз және шарт талаптарының сақталуын немесе жақсартылуын қамтамасыз етпейтін талаптармен ұзартуға.

7.4. Өтініш берушінің құқықтары:

1) микроқаржы ұйымының микрокредиттер беру қағидаларымен және

микрокредиттер беру жөніндегі тарифтерімен танысуға;

2) микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық әрі анық ақпарат алуға;

3) микрокредит беру туралы шарт жасасудан бас тартуға;

4) микрокредит беру туралы шартты және Қарыз алушының міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ететін шарттарды жасасу үшін қажетті, микрокредит алу үшін талап етілетін құжаттар тізбесінде, сондай-ақ микрокредит беру туралы шарт бойынша кредиттік досьені қалыптастыру тәртібінде айқындалған құжаттар мен мәліметтерді микроқаржы ұйымына ұсынуға.

Өтініш берушінің осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген өзге де құқықтары мен міндеттері болады.

7.5. Қарыз алушының құқықтары:

1) микроқаржы ұйымының микрокредиттер беру қағидаларымен және микрокредиттер беру жөніндегі тарифтерімен танысуға;

2) алынған микрокредитке микрокредит беру туралы шартта белгіленген тәртіппен және талаптармен билік етуге;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өз құқықтарын қорғауға;

4) микрокредит беру туралы шарт бойынша берілген микрокредит сомасын микроқаржы ұйымына мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға;

5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және микрокредит беру туралы шартта белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

7.6. Қарыз алушының міндеттері:

1) алынған микрокредитті қайтаруға және ол бойынша сыйақыны микрокредит беру туралы шартта белгіленген мерзімдерде және тәртіппен төлеуге;

2) Заңға сәйкес микроқаржы ұйымы сұратқан құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;

3) Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында және микроқаржы ұйымымен жасалған шарттарда белгіленген өзге де талаптарды орындауға.

8. МИКРОКРЕДИТТЕР БЕРУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚАРЖЫ ӨНІМДЕРІН ҰСЫНУ ТАЛАПТАРЫ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТҰТЫНУШЫ ҮШІН МИКРОКРЕДИТТІҢ ЖАРАМДЫЛЫҒЫН БАҒАЛАУ ТӘРТІБІ

8.1. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес жеке тұлғаға микрокредит берілгенге дейін немесе кредиттік лимит ұлғайтылғанға дейін МҚҰ қаржылық қызметтерді тұтынушы үшін микрокредиттің жарамдылығына бағалау жүргізеді, оған мыналар кіреді:

1) қаржылық қызметтерді тұтынушының төлем қабілеттілігі мен кредиттік тарихын талдау;

2) микрокредит берудің қаржылық қызметтерді тұтынушының қолданыстағы банктік қарыздары мен микрокредиттері бойынша міндеттемелерін орындау қабілетіне ықпалын бағалау;

3) жоғары кредиттік тәуекелдің, мінез-құлық тәуекелінің немесе алаяқтық тәуекелінің белгілерінің болуын бағалау.

Микрокредит жарамсыз деп танылған жағдайда МҚҰ:

4) мұндай микрокредитті қаржылық қызметтерді тұтынушыға ұсынбайды;

5) микрокредит беру туралы өтінімді мақұлдамайды;

6) қолданыстағы микрокредит беру туралы шарт бойынша кредиттік лимитті ұлғайтпайды.

8.2. Микрокредиттің жарамдылығын бағалау мақсатында МҚҰ мынадай ақпаратты (мәліметтерді) сұратады (алады) және талдайды:

1) микрокредит алу мақсаты туралы;

2) микрокредитті пайдаланудың болжамды тәсілі туралы;

- 3) қаржылық қызметтерді тұтынушының борыштық жүктемесінің деңгейі туралы;
- 4) мінез-құлық және өзге де факторлар туралы.

Микрокредиттің жарамдылығын бағалау кезінде МҚҰ қаржылық қызметтерді тұтынушының микрокредит алуға байланысты барлық шығыстарын, оның ішінде қосымша қызметтерге жұмсалатын шығыстарды ескереді, егер мұндай қызметтер микрокредит алудың міндетті шарты болып табылса, оны алу процесінің ажырамас бөлігі ретінде ұсынылса немесе қаржылық қызметтерді тұтынушы үшін сөзсіз қажетті болса.

8.3. МҚҰ микрокредиттің жарамдылығын бағалау кезінде пайдаланылатын ақпараттың дұрыстығы мен толықтығын тексеру үшін шаралар қабылдайды, оның ішінде кредиттік бюролардың деректерін, мемлекеттік ақпараттық жүйелердің мәліметтерін және өзге де қолжетімді ақпарат көздерін пайдаланады.

Микрокредиттің жарамдылығын бағалау тек қаржылық қызметтерді тұтынушының кредиттік тарихының деректеріне ғана негізделмеуге тиіс.

8.4. Жоғары кредиттік тәуекелдің, мінез-құлық тәуекелінің немесе алаяқтық тәуекелінің белгілері болған жағдайда МҚҰ ұйымға қолжетімді ақпарат көздерін пайдалана отырып, қаржылық қызметтерді тұтынушы ұсынған мәліметтерге қосымша тексеру жүргізеді.

9. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТТЫ ЖАСАСУ, ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ (заңды және жеке тұлғалар үшін)

9.1. Скоринг жүйесі немесе Кредиттік комитет микрокредит беруді мақұлдағаннан кейін және Қарыз алушы шартқа қол қоюға келісім берген жағдайда, микрокредит беру туралы шарт жазбаша нысанда Қарыз алушы мен МҚҰ арасында МҚҰ кеңсесінде мемлекеттік және орыс тілдерінде екі бірдей данада жасалады, оның бір данасы әрбір Тарапқа беріледі.

9.2. Өзінің өмірлік немесе өзге де мән-жайларына байланысты микрокредит беру туралы шартқа жеке өзі қол қоя алмайтын Қарыз алушы – жеке тұлғаның мүддесін білдіретін тұлға микрокредит беру туралы шартқа қол қоюға Қарыз алушы – жеке тұлға берген сенімхатты ұсынады.

9.3. Егер Қарыз алушы заңды тұлға болып табылса, заңды тұлғаның атынан әрекет ететін өкілдің өкілеттігін растайтын құжаттар ұсынылуға тиіс.

9.4. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес жеке тұлғамен микрокредит беру туралы шарт жасалғанға дейін МҚҰ қызметкері жеке тұлғаға жазбаша түрде мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып жасалған негізгі ақпараттық құжатты (негізгі ақпараттық құжаттың нысаны осы Қағидалардың №1 қосымшасында берілген);

- 2) қаржылық қызметтерді тұтынушының қалауы бойынша – шарттың жобасын.

Қаржылық қызметтерді тұтынушының көрсетілген құжаттармен танысқаны оның қол қоюымен расталады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген ақпаратты ұсыну талабы кредиттік желіні ұсыну (ашу) туралы келісімге қолданылмайды.

9.5. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес жеке тұлғаға интернет арқылы микрокредит берілген кезде, Қағидалардың 9.4-тармағында көзделген құжаттар қаржылық қызметтерді тұтынушыға цифрлық объектілер арқылы қолжетімді етіледі. Бұл ретте қаржылық қызметтерді тұтынушы көрсетілген құжаттармен танысқанын цифрлық нысанда тиісті белгі қою арқылы міндетті түрде растайды.

9.6. Қаржылық қызметтерді тұтынушы – жеке тұлғаға микрокредит беру туралы шешім қабылданғанға дейін ұйым кредиттік есепте қамтылған ақпаратты төмендегі мәліметтердің болуына қатысты тексереді:

- 1) оның микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тартуды белгілегені туралы;
- 2) мерзімді әскери қызметке шақырылғаны туралы;
- 3) бұрын алынған банктік қарыздары және (немесе) микрокредиттері туралы.

9.7. Егер жеке тұлғаның кредиттік есебінде Қағидалардың 9.6-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат болса, ұйым микрокредит беруден бас тартады.

9.8. Егер жеке тұлғаның кредиттік есебінде Қағидалардың 9.6-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген ақпарат болса, ұйым микрокредит беруден бас тартады.

9.9. Мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредит беру туралы шартты қаржылық қызметтерді тұтынушы – жеке тұлғамен жасасқанға дейін МҚҰ алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

9.10. Егер жеке тұлғаның кредиттік есебінде Қағидалардың 9.6-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген ақпарат болмаса және шарт жасасу туралы өтініште көрсетілген сома республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жетпіс бес еселенген мөлшерінен асып кетсе, МҚҰ мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредит беру туралы шартты қаржылық қызметтерді тұтынушы – жеке тұлғамен оның ұйымға жеке өзі келуі кезінде және ұйымда берілген жазбаша келісімі негізінде биометриялық аутентификация жүргізілгеннен кейін ғана жасасады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген талап қаржылық қызметтерді тұтынушы (Қарыз алушы, сатып алушы) растаған тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу мақсатында тұтынушылық микрокредит сомасы тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатушының (жеткізушінің) банктік шотына аударылатын жағдайларға қолданылмайды.

9.11. МҚҰ мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредит беру туралы шартты жиырма бір жасқа толмаған не елу бес жастан асқан қаржылық қызметтерді тұтынушы – жеке тұлғамен осы жеке тұлға Талаптардың 61-тармағына сәйкес ресімделген осындай шартты жасасуға келісім бергеннен кейін ғана жасасады.

9.12. Егер мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредиттің сомасы Қағидалардың 9.13-тармағының бірінші және екінші бөліктерінде белгіленген ең төменгі мөлшерден асып кетсе, ұйым Қағидалардың 9.13-тармағында көзделген талаптар орындалғаннан кейін ғана Қарыз алушыға ақша береді.

9.13. МҚҰ интернет арқылы жасалған микрокредит беру туралы шарт негізінде берілетін, мөлшері республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жетпіс бес және одан да көп еселенген мөлшерін құрайтын, мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредит бойынша қаржылық қызметтерді тұтынушыға (Қарыз алушыға) – жеке тұлғаға ақшаны мынадай талаптарды сақтай отырып береді:

1) шартқа қол қойылған сәттен бастап (не тұтынушылық микрокредит сомасын ұлғайту туралы өтініш немесе бұрын жасалған, талаптары бойынша ақша толық көлемде немесе өтініш негізінде бөліп-бөліп берілетін шарт шеңберінде мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредит беру туралы өтініш мақұлданған сәттен бастап) жиырма төрт сағат өткеннен кейін ғана;

2) осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген мерзім өткеннен кейін Қаржылық қызметтерді тұтынушы (Қарыз алушы) – жеке тұлға Қағидалардың 9.16-тармағына сәйкес ресімделген тұтынушылық микрокредитті алуға келісім бергеннен кейін.

9.14. Егер қаржылық қызметтерді тұтынушыға (Қарыз алушыға) – жеке тұлғаға бір күнтізбелік күн ішінде интернет арқылы бір ұйым бірнеше мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредит берсе және олардың жиынтық сомасы осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген ең төменгі мөлшерден асып кетсе, ұйым осы Қағидалардың 9.13-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында белгіленген талапты сақтайды, сондай-ақ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау рәсімдеріне сәйкес аталған микрокредиттерде алаяқтық белгілерінің жоқтығын тексереді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары интернет арқылы жасалған мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредит беру туралы шарт бойынша қаржылық қызметтерді тұтынушыға (Қарыз алушыға) ақша беру тәсілі мен орнына

қарамастан, оның ішінде кейіннен қағаз жеткізгіште құжаттарға қол қойылған жағдайларда да қолданылады.

9.15. Егер ұйымның үй-жайында немесе ұйым қызмет көрсететін өзге жерде республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жетпіс бес және одан да көп еселенген мөлшеріндегі мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредит беру туралы шарт жасасу кезінде (не тұтынушылық микрокредит сомасын ұлғайту туралы өтінішті немесе бұрын жасалған шарт шеңберінде мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредит беру туралы өтінішті мақұлдау кезінде) Қарыз алушының күмәнді мінез-құлқы анықталса, ұйым қаржылық қызметтерді тұтынушыға (Қарыз алушыға) – жеке тұлғаға ақшаны осы Қағидалардың 9.13-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында және екінші бөлігінде белгіленген талаптарды сақтай отырып береді.

9.16. Мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредит беру туралы шартты жасасуға немесе мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредитті алуға келісім (бұдан әрі – **Келісім**) еркін нысанда ресімделеді және мынадай міндетті мәліметтерді қамтиды:

1) Келісім ресімделген күн;

2) жеке тұлға туралы мәліметтер: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және жеке сәйкестендіру нөмірі;

3) мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредит туралы мәліметтер: сомасы, мерзімі, сыйақы мөлшерлемесі (жылдық пайызбен немесе тіркелген сомада) және ЖТСМ.

9.17. Қағаз жеткізгіште ресімделетін Келісімге жеке тұлға ұйымда, оның ішінде ұйымның филиалдары мен бөлімшелерінде жеке өзі болған кезде қол қояды.

9.18. Цифрлық нысандағы Келісім кредиттік бюрода, «электрондық үкімет» веб-порталында немесе «электрондық үкімет» шлюзінде орналастырылған сервистермен ықпалдастырылған ұйымның цифрлық объектілері арқылы ресімделеді және Қазақстан Республикасының аккредиттелген куәландырушы орталығы берген электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылады.

9.19. Цифрлық нысандағы Келісім ұйымға қызмет көрсететін заңды тұлғаның «электрондық үкімет» шлюзінде орналастырылған сервистермен ықпалдастырылған цифрлық объектілері арқылы да тиісті шарт негізінде ресімделеді.

9.20. Егер жеке тұлға ұйымның мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредит беру туралы шешімінің қолданылу мерзімі ішінде Келісімді ұсынбаса (ресімдемесе), бұл оның микрокредит беру туралы шарт жасасудан және тиісінше микрокредит арудан бас тартуы болып есептеледі.

9.21. Мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредит беру туралы ұйым шешімінің қолданылу мерзімі ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес белгіленеді.

9.22. Ұйым қаржылық қызметтерді тұтынушы – жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес және тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу мақсатында жасалған микрокредит беру туралы шарттан бас тарту құқығын жүзеге асыруын шектемейді.

